

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Болімі:** Музыка

**Тақырыбы:** « Балабақшага саяхат »

**Мақсаты:** музыка ырғағына сай қимылдар жасау,музыкалық есту қабілеттерін арттыру,сүйікті балабақшасы туралы ән айтуда үйрету.

Достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** слайд, үн таспа

| Оку қызметінің кезеңдері      | Музыка жетекшісінің іс-әрекеті   | Балалардың іс-әрекеті   |
|-------------------------------|--|---|
| Мотивациялық-көзғаушылық-     | <p>Балаларды көңілді музыка әуенімен карсы алу. Музыкаға қосылып салемдесу.</p> <p>Бізге тәртіп үйреткен,<br/>Ән салдырып билеткен.<br/>Әріптер мен суретпен,<br/>Таныстырган біздерді<br/>Тәрбиеші тәтеміз.<br/>Балабақша туралы әңгімелуу.<br/>Слайдпен жұмыс</p>  | Амандасады.   |
| Шыныңдастыру-шының-ізденістік | <p>Дауыс жаттығуы: « До-до-до »</p> <p>Ән айту: « Бақшамызда боламыз » муз жазған Е.Хасанғалиев.<br/>әнді көпке қосылып айтуда тырысады.</p> <p>Фажайып сәт: Слайд арқылы «Ертегі Ханшайымы» көрінеді. Амандасады.<br/>Балалар мен сендердің балабақша туралы әндерінді естіп, сендерге келіп тұрмын. Мен сендерге бос келген жоқпын, менің сиқырлы сандықшамда сендерге алып келген сыйлығым бар. Сиқырлы сандықша ашылады.</p> <p>Әуенде қимыл қозғалыс : музыкаға сай әр түрлі әуенге,әр түрлі қимылдарды жасауға тырысады.<br/>Ертегі Ханшайымы: Ой балалар, кешіріндерші, мен басқа сиқырлы сандықшаны ашыппын.</p> | <p>Балалар өлеңді мұқиат тыңдайды.<br/>Балабақша туралы айтуда тырысады.<br/>Әнді тыңдайды</p> <p>До-до дыбысын қайталайды.</p> <p>Әнді бірге қосыла айтуда тырысады.</p> <p>Ертегі<br/>Ханшайымымен амандасады.<br/>Тамашалайды.</p> <p>Музыкаға сай қимыл-қозғалыс жасайды.</p> |

|                          |   |  |
|--------------------------|---|--|
|                          | <p>Жетекші: Ертегі Ханшайымы, біздің балалар сізге ренжімейді, өйткені біздің балалар мейірімді, бір-бірімен тату –тәтті дос. Соның дәлелі ретінде біз сізге достық биін билеп берейік.</p> <p>Би: « Достық » би элементтерін әуенге сай жасау.</p> <p>Ертегі Ханшайымы: Балалар маған сендердің әндерің де, билерің де өте ұнады. ( қоныраудың дыбысы )</p> <p>Балалар маған ертегі елінен қонырау шалып жатыр, менің қайтуым керек. Сендерге өзімнің сиқырлы сандықшамды тастап кетемін. Сау болындар!</p> <p>Жетекші: балалар қарандаршы сандықшаның ішінде сиқырлы жіп бар екен, кәне сол жіпті барлығымыз дөнгелене үстап тұрайық.</p> <p>Балалар қандай оқу қызметі болды? Слайдтан не көрдіңдер?</p> <p>Бізге ертегі елінен кім келді?</p> <p>Енді балалар қолымызды жоғары көтерейік, біз неге ұқсадық.</p> <p>Шаңыракқа, дұрыс балалар.</p> <p>Балалар біз осы балабақшада бір шаңырақтың астында, сендер сияқты бүлдіршіндер көп болып, тату-тәтті дос болып, балабақшамыз кенеңе берсін.</p> |  |
| Рефлексиялық-түзетушілік | <p>Оқу қызметін қорытындылау.</p> <p>Белсene катысқан балаларды мадақтау.</p>   | Балалар ертегі Ханшайымымен қоштасады. |
| Күтілетін нәтиже:        |   |  |

**Біледі:** сүйікті балабақшалары туралы біледі.

**Игереді:** достық, татулық деген сөздерді игереді.

**Менгереді:** би қимылдарын жасауды